



Бұланды (Баланды) фортификациясын зерттеу нәтижелері¹ Ж.Р. Утубаев^a, *А.М. Ерсариев^b, М.К. Суюндикова^c, *А.Д. Касенова^d

^a Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институты, Алматы, Қазақстан Республикасы
(E-mail: utubaev_z@mail.ru)

^b Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институты, Алматы, Қазақстан Республикасы
(E-mail: altynbek_93.14@mail.ru)

^c Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институты, Алматы, Қазақстан Республикасы
(E-mail: makral1226@mail.ru)

^d Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институты, Алматы, Қазақстан Республикасы
(E-mail: asema_94@mail.ru). *Байланыс үшін автор: asema_94@mail.ru

ARTICLE INFO

АННОТАЦИЯ

Кілт сөздер:
Сырдария,
Шірікқабат
мәдениеті,
фортификация,
қамал, бекініс,
мұнара, қақпа,
атыс ойығы,
қабырға, пақса.

FTAMP 03.41.91

DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2023-2-49-66>

Мақалада Сырдарияның төменгі ағысында орналасқан, б.д.д. I мыңжылдықтың екінші жартысымен мерзімделетін Бұланды (Баланды) I ескерткішінің қорғаныс жүйесі жайлы баяндалады. Ескерткішті мекен еткен тұрғындар Іңкәрдария мен Жаңадария арасында тартылған каналға негізделген суармалы егіншілікпен айналысқан. Шірікқабат археологиялық экспедициясының 2007-2014 жылдары ескерткішке жүргізген зерттеуі барысында қорғаныс жүйесіне қатысты біршама құрылыс орындары анықталды. Қазба-зерттеу жұмыстары барысында алынған мәліметтерге сүйене отырып, бекініс қабырғаларын салудың негізгі кезеңдерін бөліп көрсетеміз, олар өз кезегінде бірнеше сатыларға бөлінеді. Сондай-ақ зерттеу нәтижесі ескерткіштің қорғаныс жүйесі өте ерте кезеңде салынғандығын көрсетеді. Бекініс қабырғаларының бұрыштары жоспарлы түрде шығып тұрған жартылай шеңберлі мұнаралармен күшейтілген. Бекініс қабырғалардың іргетасы тұтас монолитті тығыз сазды пақсадан көтеріліп, кейін ішкі жағынан ені 1,3-1,4 м, биіктігі 1 м-ге жуық пақса алаңы жанаса қатар тұрғызылған. Ұзын қорғаныс қабырғалары да пішіні жебе тәрізді, атыс ойықтары бар жартылай шеңберлі мұнаралармен күшейтілген. Бүгінге дейін алынған археологиялық деректерге сүйенсек, Бұланды I бекінісі үлкен іргелі ғимарат болғандығын көрсетті. Ескерткіштің архитектуралық жоспары мен құрылыс тәсілдерін толық түсіну үшін, хронологиясы бойынша бір кезеңмен мерзімделетін көршілес аймақтарда орналасқан археологиялық ескерткіштермен салыстырмалы талдау жүргізілді. Зерттеу нәтижесінде Бұланды I бекінісінің қорғаныс жүйесін қамтамасыз ететін нысандар құрылысы екі кезеңнен тұратындығы анықталды.

Received 23 October 2022. Revised 15 November 2022. Accepted 03 June 2023. Available online 30 June 2023.

For citation:

J.R. Utubaev, A.M. Yersariyev, M.K. Suyundikova, A.D. Kasenova Results of the study of Balanda (Bulanda) fortification // Turkic Studies Journal. – 2023. – Vol. 5. – No 2. – P. 49-66. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2023-2-49-66>

Дәйексөз үшін:

Ж.Р. Утубаев, А.М. Ерсариев, М.К. Суюндикова, А.Д. Касенова Бұланды (Баланды) фортификациясын зерттеу нәтижелері // Turkic Studies Journal. – 2023. – Т. 5. – № 2. – 49-66 б. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2023-2-49-66>



¹ Жұмыс ҚР БҒМ Ғылым комитетінің нысаналы-бағдарламалық қаржыландыруы бойынша ЖТН-і BR11765630, «Қазақ даласындағы мәдени генезис: археологиялық дереккөздер негізінде материалдық және рухани мұра сабақтастығын зерттеу мәселелеріне арналған жаңа парадигмалар» жобасы шеңберінде орындалды.

Кіріспе

Бұланды егіншілік оазисі Шірікрабат қалашығынан оңтүстік-шығысқа қарай 40 шақырым жерде, Іңкәрдарияның оң жағалауында биіктігі 0,5-0,6 м сазды жерде орналасқан. Оазистің жалпы ауданы 150-200 га, негізгі суландыру жүйесі Бұланды I бекінісінен 2 шақырым жерде, Іңкәрдария өзенінен тартылған. Каналдың бастапқы 1 шақырымы негізгі арнаның бойымен жүргізіліп, кейін оазистің халық қоныстанған солтүстік-шығыс бөлігіне жақындағанда, бірнеше қосымша арықтарға бөлінеді. Қазіргі таңда каналдың ені 10 м, ортасы тегіс, екі беті жал күйінде сақталған, кейбір жерлерде каналдың ені 3,5-4 м болатын арықтар тартылған (Андрианов, 1969: 200; Вайнберг, Левина, 1993: 20).

Оазистің адамдар қоныстанған бөлігінің ауданы 8 га шамасында. Үй-жайлар мен жеке шағын тұрғын үйлердің орындары керамика сынықтары шашылған аласа төбелер күйінде сақталған. Қазіргі кезде жиырмаға жуық үй-жай орындары анықталып отыр, дегенмен олардың жалпы саны одан да көп болуы мүмкін, оған тақыр бетіндегі көп мөлшердегі шашылған керамика дәлел бола алады. Үй-жайлардың негізгі бөлігі Бұланды I бекінісінің солтүстігі мен оңтүстігінде, сондай-ақ, негізгі каналдың сол жағалауында орналасқан.


Көне қалалар мен елді-мекендердің қорғаныс жүйесін зерттеу барысында, ескерткіштің архитектуралық жоспары мен құрылыста қолданған тәсілдері, материалдарына қарап, қалалардың пайда болу және даму кезеңдеріне байланысты жасалған болжамдар мен тұжырымдар ғылыми тұрғыдан нақтылана түсетіндігі белгілі. Бұланды I бекінісінің қорғаныс жүйесіне қатысты алғашқы зерттеулерді Шірікрабат археологиялық экспедициясы 2007 жылдан бастап жүргізген. Осы жылы Бұланды I ескерткішінің қорғаныс жүйесіндегі құрылымын анықтау мақсатында бекіністің оңтүстік-шығыс және оңтүстік-батыс бөлігіндегі қорғаныс қабырғаларына қазба жүргізіліп, кесік салынған (қазба-1, қазба-2). Бекіністің қорғаныс қабырғасын тұрғызуда қолданған құрылыс материалдарының сипаты мен өлшемдеріне қатысты деректер нақтыланған. Мақалада аталған зерттеу барысында ескерткіштің қорғаныс жүйесіне қатысты анықталған мәліметтер жан-жақты талданып, ұқсастығы жағынан жақын болған көрші аймақтардағы ескерткіштердің қорғаныс жүйесімен салыстыра отырып сараланады.

Тақырыптың зерттелу деңгейі

Оазистің орталығы болып саналатын Бұланды I бекінісінің жалпы көлемі – 80x130 м. Ескерткіш жобасында тікбұрышты, бұрыштары дүниенің төрт бұрышына қарай бағытталған, қабырғалары пішіні жартылай шеңберленген мұнаралармен күшейтілген (сурет 1).

Оазис аумағында бекініс пен жекелеген үйлерден өзге ғұрыптық және жерлеу орындары бар. Бұланды I бекінісінен шығысқа қарай 1 шақырым жерде бірегей сәулет ескерткіші болып саналатын Бұланды II күмбезді ғимараты орналасқан (Толстов және т.б. 1963: 70-71). Бастапқы бұл нысан ғұрыптық мақсаттағы ғимарат және жерлеу орны-кесене ретінде көрсетілген (Вайнберг, Левина, 1993: 21). Кейін қайта зерттеу барысында ескерткіш оазис тұрғындарына ғұрыптық ғимарат пен ғибадатхана ретінде қызмет көрсеткен деп тұжырымдалды (Дарменов, Утубаев, 2011: 157-161).

Оазистің құрылымын нақты айтатын болсақ: орталықта бекіністі үй-жай, магистральды каналдың жағасында шағын жеке үйлер орналасқан, ал оазистің шетінде жерлеу орындары мен ғұрыптық ғимарат бой көтерген. Үйлердің жоспары Хорезм аймағындағы ескерткіштерге өте жақын ұқсас екендігін атап өткен жөн. Мысалы, Қорғасын (қарақалп. Qo'rg'oshin) қонысын алып қарайтын болсақ, қоныстың орталығы Қорғасын қала (қарақалп. Qo'rg'oshinqala) (90x150 м) бекінісі жоспарында тікбұрышты, биік төбеде салынған, ал шағын жеке үй-жайлар магистральды каналдың жағасында жайғасқан, үй-жайлардың арасынан шағын арықтар өтеді.



Сурет 1. Бұланды I бекінісі. Топографиялық жоспары. Ескерткіштің компьютерлік үш жақты өлшемді моделі. Мұнара

Сондай-ақ осындай үлгідегі ұқсас құрылыстар антикалық кезеңмен мерзімделетін, көлемі жағынан біршама үлкен Аяз-қала қонысында да бар екендігін атап өткен жөн (Неразик, 1976: 35-41). Мұндай бекіністер антикалық дәуірмен мерзімделетін шашыраңқы типтегі хуторлық қоныстанудың Хорезмге тән үлгісі болып саналады (Неразик, 1979: 43; Незарик, 1987: 160-161). Бұланды оазисіндегі ескерткіштерді осы топқа жатқызуға толық негіз бар.

Ескерткішті Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы 1959 жылы ашып, 1960-1961 жылдары археологиялық зерттеулер жүргізілген. Қазба жұмыстары жүргізілген негізгі нысан Бұланды II күмбезді кесенесі болса, ал Бұланды I бекінісіне барлау қазба жұмыстары жүргізіледі. Қазба жұмыстары барысында алынған археологиялық материалдар негізінде б.д.д. III-II ғғ. мерзімделетін Бұланды I ескерткіші үлкен бекіністі ғимарат болған деп қорытынды жасалды (Толстов, 1962: 172-174; Толстов және т.б. 1963: 67-68).

Содан бергі жарты ғасырға жуық үзілістен кейін 2007 жылы Шірікратат археологиялық экспедициясы ескерткіште археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар оазистегі ғұрыптық және жерлеу орындарына қосымша барлау қазбасы салынды (Курманқұлов, Утубаев, 2013: 109-140).

Зерттеу материалдары мен әдістері

Ескерткішті зерттеу кезінде далалық және зертханалық-талдау жұмыстарын қамтитын археология ғылымында мақұлданған дәстүрлі әдістеме негізге алынды. Бекініс қабырғасының құрылымын анықтау үшін үш жерде көлемі 4x4 м және 2x5 м болатын кесік салынды. Тазалау жұмыстары барысында құрылыс нысандары қам кірпіштен тұрғызылғандығы ескеріліп, қалашықтар мен қоныстарды зерттеудегі әдістер қолданылды. Қазбаға дейін нысанның үстіңгі беті тазартылып мәдени қабаттары қағазға түсірілді. Табылған артефактілер стратиграфиялық қабаттарға сәйкес тіркелді, сондай-ақ, артефактілерге салыстырмалы-типологиялық әдісті қолдана отырып талдаулар жүргізілді.

Ескерткіштің стратиграфиялық көрсеткіші, аралық мәдени қабаттары, горизонттары графикалық тәсілмен (қазба мен кесік сызбалары 1:20 масштабта және фотофиксация жолымен түсірілді) жүргізілді. Стратиграфиялық қабаттар 000-ден жоғары сандармен бекітілді және т.б. қазба барысында табылған барлық материалдар стратиграфиялық қабаттарды нөмірлеу арқылы тіркелді.

Қазба барысында табылған археологиялық материалдарға камералды өңдеу жүргізілді, қыш бұйымдары қолдану мақсаты мен жасалу технологиясына қарай талданды, көршілес аумақтар мен өзге де ескерткіштерден табылған бұйымдармен ұқсастықтарына салыстырмалы талдау жүргізілді.

Бұланды I ескерткішінің қорғаныс қабырғалары 3 м биіктікте сақталған. Бекініске кіретін қақпа солтүстік-батыс бөлігінде қарапайым архитектуралық шешіммен дәліз ретінде тұрғызылған. Бекініс қабырғаларының бұрыштары жоспарлы түрде шығып тұрған, жартылай шеңберлі мұнаралармен күшейтіліп, іргетасы тұтас монолит тығыз сазды пақсадан салынған. Ұзын қорғаныс қабырғалары да жартылай шеңберлі мұнаралармен күшейтілген. Оңтүстік-батыс қабырғаның бойындағы жақсы сақталған мұнаралар бір-бірінен 20 м қашықтықта орналасқан. Қабырғалар мен мұнараларда пішіні жебе тәрізді атыс ойықтары бар. Қорғаныс құрылыстарына жүргізілген қазба жұмыстары басталғанға дейін-ақ мұнаралар қорғаныс қабырғаларынан бөлек, негізгі

қабырғаны күшейту мақсатында сыртқы бетінде тұрғызылған жартылай шеңберлі пішіндегі шығыңқы бөлігі екендігі белгілі болды. Бұланды I бекінісінің қорғаныс қабырғаларының салыну жүйесінің баламасы Хорезмнің сол жағалауындағы Көзеліқыр (түрікм. Kūzeligyr) қалашығында анықталды, онда бекініс қабырғасынан 30-35 м қашықтықта ішкі дәлізден оқшауланбаған жартылай сопақша тәрізді сыртқа қарай шығып тұрған мұнарасы бар. Әрбір осындай шығыңқы мұнарада саңылау тәрізді үш данадан тұратын атыс ойықтары бар, олардың екеуі оң және сол жақ бөлігінде орналасқан, мұндай атыс ойықтар бүйір тұстан келген жауды нысанаға алуға мүмкіндік береді (Вишневская, Рапопорт, 1997: 154).

2007-2014 жылдардағы зерттеу жұмыстары кезінде Бұланды I ескерткішінің қорғаныс жүйесі мен құрылысындағы ерекшеліктерін анықтауға және ішінара қайта қалпына келтіруге мүмкіндік туды. Бекіністің қорғаныс қабырғасына қазба салынып, ескерткіштің оңтүстік бөлігіндегі сыртқы қабырғаның құлаған бөлігін тазалау кезінде біршама мәліметтер алынды.


Алынған мәліметтер негізінде қорғаныс қабырғаларының салынған мерзімін негізгі 2 кезеңге бөліп көрсетуге болады. Әрбір кезең екі сатыға бөлінеді. Бұланды I бекінісінің қорғаныс жүйесіне қатысты құрылыстардың салынуына қатысты мәліметтер №2 қазба мен қорғаныс қабырғасының құлаған бөлігін тазалау барысында жан-жақты алынды.

I-кезең. Құрылыстың алғашқы кезеңіне ені 1,5 м және биіктігі 0,7 м – стилобат қабырғасы жатады. Шамасы, бастапқыда материк деңгейінде ені 1 м болатын пақсадан монолит салынған, содан кейін стилобаттың ені аздап ұлғайтылады; пақсадан тұрғызылған қабырғаның ішкі бетінен есептегенде шамамен 20-25 см қашықтықта пақсадан тағы бір қабырға тұрғызылған, қабырғаның төменгі ені 38-40 см. Қабырғаның көлденең қимасы үшбұрышты пішінде. Екі қабырға арасындағы кеңістік жұмбаздалған лай қабатымен толтырылған. Осылайша, стилобаттың жалпы ені 1,6 м-ге жетті, стилобаттың сыртқы жағы I кезеңнің сыртқы қорғаныс қабырғасымен жалғасады. Қабырға сұр-сары түсті тығыз жұмбаздалған саз балшықты лай аралас қабаттарымен тұрғызылған. Лай қабаттарының қалыңдығы – 20-35 см. Тұрғызылған стилобатқа ені 50 см-ден 1 м-ге дейінгі тік бұрышты немесе трапеция пішінді пақса блоктары өрілген. Осылайша, алғаш тұрғызылған сыртқы қабырғаның жалпы биіктігі шамамен 1,7 м болды. Бекіністің осы бөлігіндегі I кезеңмен мерзімделетін қабырғаның төменгі бөлігінің ені 3,4 м-ге жеткен. Сыртқы қабырға мен стилобаттың іргетасы бір деңгейде – қадалық (реперлік) нүктеден – 3,01 м тереңдікте анықталған материкте орналасқан. Ескерткіштің оңтүстік бұрышында жүргізілген қазба жұмыстары кезінде анықталғаны: I кезеңмен мерзімделетін сыртқы қабырғаның ені шамамен 2 м. Қабырға сұр-қоңыр түсті жұмбаздалған тығыз пақсадан тұрғызылып, ішкі жағынан сыланған. Кейбір жерлерде сылақтың қалыңдығы 5-7 см-ге дейін жетеді. Дәл осы қабырға бекіністің жалғыз қорғаныс қабырғасы болған деген болжам бар. Шамасы, біраз уақыт өткен соң алғашқы тұрғызылған қабырғаның ішкі жағынан тағы бір стилобат орнатылған, қабырғаның осы бөлігіндегі ені 1,8-1,82 м, ал биіктігі 0,8 м құрайды. Нысан сұр-қоңыр түсті тығыз саз кесектен тұрғызылған. Кейінгі тұрғызылған стилобат құрылысын I кезеңнің 2 сатысына жатқызуға болады. Бекіністің оңтүстік бұрышындағы I-ші кезеңдегі сыртқы қорғаныс қабырғасының ені 4 м болды. Ескерткіш құрылысының ерте кезеңіне жататын мәдени қабаттар қазбаның барлық бөліктерінде кездеседі. Қабырғалар бір мезгілде немесе аз ғана үзіліспен тұрғызылған секілді. Сыртқы қабырғаға жанаса орналасқан стилобат, қарсы тарапты жебемен атқылайтын алаң ретінде арнайы жасалған (сурет 4).

Осыған ұқсас құрылыс ескерткіштің шығыс бөлігінде жүргізілген №1 қазба барысында анықталды. Мұндағы сұр-қоңыр түсті жұмбаздалған пақсадан тұрғызылған сыртқы қабырғаның ені 2 метрге жуық. Сондай-ақ ішкі жағынан оңтүстік-батыс бөлігіндегі секілді, сыртқы қабырғаға ені 1,80-1,82 м және биіктігі 0,8 м құрайтын сұр-қоңыр түсті тығыз саз кесектен жасалған стилобат тұрғызылған. Сыртқы бекініс қабырғасында, бекіністің шығыс бұрышынан 1,4 м қашықтықта, ені 0,8 м болатын сыртқа кіріп шығуға арналған өткелдің орны анықталды. Біздің пайымдауымызша, бұл «есік» болуы мүмкін, мұндай үлгідегі «есік» – ерте антикалық Хорезмнің қорғаныс жүйелерінде жиі кездесетін конструкциялық элементтердің бірі, мысалы осындай «есік» Көне Үргеніштегі Қырық-Молла қалашығында (Юсупов, 1998: 211-217) және Хорезмнің оң жағалауындағы Қорғасынқала (қарақалп. Qo'rg'oshinqala) бекіністерінде кездеседі (Коляков, 1991: 98-99). «Есіктердің» негізгі қызметі қорғаныстағы жауынгерлердің немесе жергілікті тұрғындардың бекіністен көзге түспей жасырын түрде сыртқа шығып кетуіне арналған болуы мүмкін... Дегенмен, есіктердің қолданылуына қатысты басқа да көзқарастар бар, солардың бірі сыртқы бекініс қабырғасының жертөле бөлігіндегі осы өткелдер арқылы бекініс аумағына құрылыс материалдары – ескерткіштен тыс аумақтарда жасалған кірпіштер жеткізілген болуы мүмкін. Мысалы, Хорезмнің сол жағалауындағы Қалалықыр (түрікм. Galalygyr) II ғұрыптық орталығының солтүстік және батыс қорғаныс қабырғаларында осындай «кішкене қақпа» анықталған. Құрылыс жұмыстары аяқталған соң мұндай «қақпалардың» орнын қам кірпіш пен саз балшықты қолданып бітеп тастаған (Калалы-ғыр 2, 2004: 24). Пақсадан тұрғызылған қабырғалар да, қақпа қабырғасы секілді ішкі жағынан сыланған, сылақтың қалыңдығы 5-7 см. Келесі факт қақпаның төменгі деңгейі стилобаттың жоғарғы деңгейімен сәйкес келеді, яғни сыртқы қабырғадағы қақпа мен стилобат бір мезгілде тұрғызылған. Осы фактінің негізінде сыртқы қабырға мен стилобат тұтас бір жоба болады және бір уақытта немесе аздаған үзіліспен тұрғызылған деп болжаймыз. Осылайша, I кезеңде ескерткіштің шығыс бөлігіндегі сыртқы қорғаныс қабырғасының ені шамамен 4 м.

II-кезең. Алғашқы кезеңде пақсадан тұрғызылған қабырға, атыс ойықтары орнатылып сазды кірпіштен тұрғызылған екінші кезеңдегі бекініс қабырғасының негізгі іргетасы болып табылады (сурет 4). №3 қазба жұмыстарының нәтижесінде I кезеңдегі бекініс қабырғасының ішкі жағынан тағы бір пақсадан тұрғызылған қабырғаның бар екендігін көрсетті, оның ені 0,5-0,7 м. Қосалқы қабырғаның жоғарғы жағы қадалық нүктеден 340 см тереңдікте анықталды. Қабырға ұзақ уақыттар бойына мәдени қабаттармен жабылып қалғанымен, тұрғызылған кезінде де осы деңгейде болған секілді. Осылайша пақсадан тұрғызылған қабырғаның ішкі жағында қамалдың барлық периметрі бойынша жүріп өтетін текпішек салынған деп болжауға негіз бар, осыған ұқсас құрылыс қалдықтары бекініс қабырғасының оңтүстік-батыс бөлігіндегі №2 қазбада, сондай-ақ №1 қазба барысында да анықталды. Алайда құрылыс жобасы барлық жерде бірдей болмаған секілді. Құрылыс жұмыстарының II кезеңіне №1 қазба жұмыстары кезінде ашылған сыртқы қабырғаның оңтүстік-шығыс бөлігіндегі ені 1,1-1,2 м және биіктігі 0,4-0,3 м аласа төбешік-суфаны жатқызуға болады. Суфа қабырғадан алшақтау жерде орналасқан; суфа және пақсадан тұрғызылған қабырға арасында ені 15-20 см болатын жікті байқауға болады, суфа 50x30x12 см, 52x30x12 см, 50x25-27x10 см болатын тікбұрышты қам кірпіштен қаланған. Суфаның сыртқы бетін бойлай екі қатар жұқа (жарты кірпіш) қабырға қаланған. Кірпіштерді қалау барысында саз балшық біркелкі қолданылмаған, сонымен қатар қабырғаны тұрғызу барысында бүтін және сынық

кірпіштер де пайдаланылған. Ені 0,85 м болатын осы екі қабырғаның арасындағы кеңістік сынық, жарты және бүтін қам кірпіштермен толтырылған. Суфаның жоғарғы жағы балшықпен сыланған болуы мүмкін, бірақ сылақ іздері сақталмаған. Суфаның шығыс бөлігі I кезеңде тұрғызылған стилобаттың ішкі шығыс бұрышымен жанасады. Бекіністің оңтүстік бұрышында II кезеңге жататын құрылыс іздері анықталмады.



Сурет 2. Бұланды I бекінісі. Бекініс қабырғасына салынған кесік. Қазбаның жоспары мен қабырғаға салынған кесік.

Талдау

Хорезмдегі ерте кезеңдердегі қорғаныс жүйесі бар қоныстардың іргетасы пақсадан салынып, екі айнала қорғаныс қабырғаларымен қоршалып, ішкі дәлізге орын қалдырылған (Толстов, 1958: 144-146; Хожаниязов, 1981: 43-56, Рапопорт, 2000: 26-27). Сондай-ақ Хорезм аймағындағы бекініс қабырғаларының қалыңдығы 2-2,5 м кірпіш немесе пақсалы монолитті дуалдан тұрғызылып, бір кезеңмен мерзімделетін, қорғаныс қабырғалары бар, бірақ ішкі дәлізі жоқ қоныстар да кездеседі. Солардың бірі – Үстірттің оңтүстік-шығыс беткейіндегі Ақшұңғыл (қарақалп. Aqchungul) қонысы. Ескерткіш төртбұрышты саз кірпіштен тұрғызылған, сыртқы монолитті қабырғасының ені 3,6 м (Хожаниязов, 1982: 82-83). Бұл Хорезмнің шетіндегі қуатты шекаралық бекіністің бірі болуы мүмкін. Хорезм бекіністерін салу кезінде қолданылған құрылыс материалдары бойынша негізінен б.д.д. IV-II ғғ. салынғаны белгілі. Бұл бекіністерді кәсіби құрылысшылар нақты архитектуралық жоспар бойынша тұрғызған секілді, ал Хорезмнің солтүстік-батыс шетіндегі Ақшұңғыл қонысының қорғаныс қабырғаларын қорғаныс жүйесінің салыну техникасы жайлы білімі бар жергілікті тұрғындар салған. Шірікрабат мәдениеті ескерткіштерін салу кезінде де осындай үлгідегі құрылыс техникалары қолданылған. Құрылысшылар Бұландыдағы қарапайым қорғаныс жүйесімен қатар Алып-қала, Қабыл-қала, Шірік 3 ескерткіштері және Шірікрабат және Бәбіш мола қалашықтарының бекініс қабырғаларын Хорезмдік үлгіде дамыған құрылыс техникаларын қолдана отырып салған (Тажекеев, 2011: 179-189). Сонымен қатар, Бұланды I бекінісінің алғашқы қорғаныс қабырғаларын салған құрылысшылардың қорғаныс құрылысының заңдылықтары туралы тәжірибелерін қолданған. Сол себепті бекіністің ерте кезеңдегі бекініс қабырғасында «жасырын» немесе «қосымша» қақпаның болуын басқаша түсіндіру мүмкін емес.

Екінші кезеңде бекіністегі қабырғаның тұрғызылу барысында Хорезмдік үлгідегі құрылыс дәстүрінің ерекшеліктері біршама ескеріле отырып салынған. Себебі екінші кезеңдегі бекініс қабырғалары тік бұрышты қам кірпіштен тұрғызылған. Сонымен қатар, бекініс қабырғаларында жебе тәрізді атыс ойықтарынан Хорезмдік фортификация дәстүрінің әсері анық байқалады. Дегенмен, қам кірпіштер барлық уақытта 1:2 өлшемінде болмаған, мысалы, Көзеліқыр қалашығы құрылысының бастапқы кезеңінде өлшемі 52x26x10 см тікбұрышты қам кірпіш пайдаланылған болса, Бұланды I бекінісінің қорғаныс қабырғасының тұрғызу кезінде өлшемі 40 см шаршы кірпіштер қолданылған.

Көзеліқыр қалашығындағы кірпіш өлшемінің біртіндеп өзгеруі қалашық өмірінің соңғы кезеңдерінде (б.д.д. VI аяғы – V ғ. бірінші жартысы) байқалады, бұл кезде тікбұрышты кірпішпен қатар ұсақ көлемді – 34x34x10-12 см, сондай-ақ 40x40x10 см форматтағы шаршы пішіндегі кірпіштер де қолданылған (Толстов, 1962: 99; Вишнева, Рапопорт, 1997: 159). Б.д.д. V ғасырдың екінші жартысы – IV ғасырдың басында (Дингильдже үй жайында) Хорезмде өлшемі – 45-43x44x40x11-12 см үлкен форматты төртбұрышты қам кірпіш қолданыла бастаған. Тікбұрышты немесе «Ұзын» (М.Г. Воробьева бойынша) кірпіштің өлшемі – 5:4 (54-50x42-40x13-12 см; 52x40x42x12 см) болған, бірақ мұндай өлшемдегі кірпіштер құрылыс кезінде аз мөлшерде қолданылған (Воробьева, 1973: 89). Хорезмде төртбұрышты форматты кірпішке түпкілікті көшу б.д.д. V-IV ғғ. болған секілді, зерттеушілердің пікірінше, Қалалы-қыр I қалашығының сарайы мен қорғаныс

қабырғаларын салу кезінде пішіні тіктөртбұрышты кірпіштер пайдаланылған (Рапопорт, 1963: 147). Б.д.д. IV ғасырдың екінші жартысында (ежелгі Хорезм дәуірінің антикалық кезеңі) Хорезмде қабырғаларды тұрғызуда өлшемі 40-44x40-44x10-12 см болатын тіктөртбұрышты пішіні үлкен кірпіштер қолданылған (Воробьева және т.б., 1963: 184; Гертман, 1998: 136; Қалалы-гыр 2, 2004: 24). Сонымен қатар, Хорезм сәулетшілері тікбұрышты кірпіштерді тек белгілі бір құрылыстарда, мысалы, күмбез салу кезінде қолданған (Қой-Қрыглан-қала, 1967: 26-27). Орта Азияның оңтүстік аймақтарында, мысалы, Бактрияда өлшеміне байланысты «бір жарым» деп аталатын тікбұрышты қам кірпішті қолдану б.д.д. V-IV ғасырларда кеңінен тарағандығын айта кету керек (Мокробородов, 2013: 12-20). Бактрия аймағындағы осындай стандартты тікбұрышты қам кірпіш б.д.д. IV ғасырдың аяғы – III ғасырдың бірінші жартысында негізгі құрылыс материалы ретінде қолданылды. Б.д.д. III ғасырдың ортасынан бастап, Кампыртепеді алынған мәліметтерге сәйкес, мұндай кірпіштерді өлшемі 40 см және одан да көп қыры бар төртбұрышты қам кірпіштер алмастырды (Болелов, 2014: 84; Ртвеладзе, 2017: 17).

Дегенмен қам кірпіштің өлшемі мен форматын хронологиялық өлшем деп санауға болмайды. Ал Хорезмдік құрылыс дәстүрінің Шірікрабат мәдениетінің құрылыс техникасына әсері туралы гипотезаны алсақ, онда белгілі бір кірпіш өлшемінің қолданылуынан көрінетін ұқсас тенденцияларды назардан тыс қалдыруға болмайды. Бұланды I бекінісінен анықталған тікбұрышты және тіктөртбұрышты кірпіштің құрылыс конструкцияларындағы комбинациясы өте айқын. Мұндай ұқсастық Шірікрабат қалашығында да анықталған, онда төртбұрышты кірпішпен бірге қабырға кірпіштерін қалаған кезде өлшемдері 38-40x35-38x8-10 см және тікбұрышты 46-48x35-38x8x10 см кірпіштер қатар қолданылған (Лоховиц, 1963: 214; Трудновская, 1963: 204). Осылайша, Сырдарияның төменгі ағысы және Хорезмдегі б.д.д. V ғасырдың екінші жартысында немесе соңында – IV ғасырдың басында тұрғызылған ескерткіштердің ұқсастығын атап өткен жөн, жоғарыда айтылғандай, бұл уақытта тікбұрышты және тіктөртбұрышты кірпіштер қатар қолданылған (Хабдулина, 2022: 116-129). Сырдарияның төменгі аймағындағы ерте темір дәуірі ескерткіштерінің (сақ кезеңі) құрылысында қам кірпішті қолдану дағдыларын, б.д.д. V-IV ғғ. басынан бастап Әмударияның төменгі ағысын мекендеген тұрғындардың әсері деп болжауға толық негіз бар.

Нәтижелер

Зерттеу барысында алынған стратиграфиялық мәліметтерге сәйкес, I кезеңдегі қорғаныс қабырғасының қызмет ету кезеңі мен II кезеңдегі кірпіштен тұрғызылған қорғаныс қабырғасының құрылысы арасында біраз уақыт өткен деп айтуға болады. Сонымен, №2 қазбаға салынған кесікте алғашқы қорғаныс қабырғасының ішкі алаңына төселген пақса массиві анық байқалды. Кейін монолит сапалы пақса блоктарымен қайта өріледі. Осылайша, ені 2,8 м пақсадан тұрғызылған қабырғаның іргетасы пайда болады. Осы іргетастың сыртқы бөлігінде тікбұрышты қам кірпіштен өрілген қабырға тұрғызылған, қабырғада жебе тәрізді атыс ойықтары орналасқан. Ескерткіштің оңтүстік бөлігінде жақсы сақталған қорғаныс қабырғасының жалпы биіктігі 3,34 м құрайды. Бұланды I ескерткішінің оңтүстік бөлігіндегі қазба жұмыстары кезінде I және II кезең қабырғалары арасындағы пақса қабаты анықталған жоқ. Кірпіштен қаланған

қабырға тікелей ерте кезеңдегі қабырғаның үстіне тұрғызылған. II кезеңнің кірпіш қабырғасына жебе тәрізді атыс ойықтары орнатылған. Қазба жұмыстары барысында атыс ойықтарының екеуін жартылай ашуға мүмкіндік туды, атыс ойықтарының биіктігі 55-60 см, жоғарғы ені 34 см, төменгі ені 20 см. Тікбұрышты пақсадан тұрғызылған жартылай шеңберлі мұнаралар да қабырғамен бір уақытта салынғаны анықталды, мұнаралар қорғаныс қабырғасынан 3 метр сыртта орналасқан. Мұнаралар тікбұрышты пақса мен шикі кірпішті араластыра отырып тұрғызылған.

№1 қазбада II кезеңде тұрғызылған кірпіш қабырға сақталмаған. Бұл аймақта тек жөндеу жұмыстарының іздері ғана байқалады, шамасы жөндеу жұмыстары кірпіштен өрілген қабырғаның құрылысына дейінгі уақытта болған секілді. Айта кету керек, мұндағы алғашқы қабырға біртіндеп бүліне бастағандықтан, жөндеу жұмыстары жүргізілген. №1 қазбадағы пақсадан өрілген жөндеу жұмыстары қабырға құрылысының II кезеңіне дейінгі уақытта жүргізілген. Саз балшықтан тұрғызылған стилобаттың үстіңгі биіктігі 0,4 м болып, өлшемі 50x30x12 см, 52x30x12 см, 50x25-27x10 см тікбұрышты қам кірпішпен өрілген. Сонымен қатар – «есік» қабырғамен бір уақытта салынған деген болжам бар. Алғашқы қабырғалардың үстіндегі барлық кірпіш қаландылары II кезеңнің 1 сатысымен мерзімделеді. Қорғаныс қабырғасын салудың соңғы кезеңінде пішіні жебе тәрізді атыс ойықтары орнатылған. Кірпіш қабырғаларға іргетас болған ерте кезеңдегі пақсадан тұрғызылған қабырғаның үстіне пақса стилобаты орнатылған. Олардың бірінің төменгі бөлігі оңтүстік-шығыс қабырғада, шығыс мұнараның жанынан анықталды. II кезеңнің жоғарғы бөлігі кірпіштен өрілгенін сыртқы қабырғалардағы кірпіш үйіндісінен байқауға болады.

Шамасы, ескерткіштің өмір сүруінің соңғы кезеңі, №1 қазба жұмыстары кезінде анықталған көптеген шұңқырлардың әсерінен қорғаныс қабырғасы толық бүлінген. Әр жерден түскен шұңқырлар кірпіш қаландысымен стилобатты бүлдірген. Барлық шұңқырлар сұр түсті құм топырақпен толтырылған. Бұл шұңқырлар ескерткіштің өмір сүруінің соңғы кезеңінде астық сақтау үшін қолданылған болса керек. Кірпішпен өрілген қабырғаның жоғарғы жағына, бекініс қабырғасының ішкі жағымен жанасатын алаң салынған. Атыс ойықтары бар мұнараның сыртқа шығатын жолдары да бітеулі болған. Бекініс қабырғаларының қорғанысы, қабырғалар мен мұнаралардың үстіңгі бөлігінде орналасқан алаңдар арқылы жүзеге асырылды деп болжаймыз.

Қорытынды

Бұланды I бекінісіне жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарын қорытындылай келе, урбанизацияның айқын белгілері бар ежелгі егіншілік мәдениеттің және бекіністің архитектурасы мен құрылыс техникаларының пайда болуына, ең алдымен, Орта Азияның оңтүстік бөлігіндегі ежелгі егіншілік мәдениеттері әсері етті деп тұжырымдаймыз. Соның ішінде Хорезмдік қорғаныс жүйесін қалыптастыруда мол тәжірибесі бар құрылысшылардың әсері бар екендігін байқауға болады.

Бұланды I ескерткішіне жүргізілген зерттеу жұмыстары барысында анықталған қорғаныс жүйесі өте архаикалық кезеңдегі құрылыс дәстүрімен салынған. Алғашқы кезеңде бекіністің қабырғасы пақсадан тұрғызылып, кейін ішкі жағынан ені 1,3-1,4 м,

биіктігі 1 м-ге жуық пақса алаңы жанаса салынған, осылайша бекіністің қорғаныс жүйесі күшейтілген.

Алғашқыда Хорезм археологиялық және этнографиялық экспедициясының 1959-1960 жылдары жүргізген зерттеу нәтижелеріне қарап, Бұланды I бекінісі үлкен бекіністі үй болған деген тұжырым жасайды. Ал Шірікратбат археологиялық экспедициясының 2007-2014 жылдары жүргізген зерттеулерінен алынған археологиялық деректер, ХАЭЭ жасаған тұжырымды толық нақтыламады. Себебі бекіністің ішкі ауласының басым бөлігінде күрделі құрылыс жұмыстарының ізі анықталмады. Жүргізілген қазба жұмыстары барысында бекіністің қорғаныс жүйесі 2 кезеңде тұрғызылғандығын көрсетті. Бұланды I бекінісі үлкен іргелі ғимарат болғанымен, ғимаратты тұрғызу кезінде жоспарланған өзге де құрылыс жұмыстары қандай да бір себептермен толық аяқталмай қалған болуы мүмкін.

Әдебиет

Андрианов Б.В., 1969. Древние оросительные системы Приаралья. Москва: Наука. 252 с.

Болелов С.Б., 2014. Кампыртепа – античная крепость на Оксе: стратиграфия, периодизация, хронология // SCRIPTA ANTIQUA. Вопросы древней истории, филологии, искусства и материальной культуры. Том III. Москва. С. 84

Вайнберг Б.И., Левина Л.М., 1993. Чирикратбатская культура // Низовья Сырдарьи в древности. Москва: ИЭИА. 130 с.

Воробьева М.Г., Лапиров-Скобло М.С., Неразик Е.Е., 1963. Археологические работы в Хазараспе в 1958-1960 гг. // Материалы Хорезмской экспедиции. Москва. Вып. 6. С. 157-201.

Воробьева М.Г., 1973. Дингильдже. Усадьба 1 тысячелетия до н.э. в древнем Хорезме. Москва: Наука. 217 с.

Вишневская О.А., Рапопорт Ю.А., 1997. Городище Кюзели-гыр. К вопросу о раннем этапе истории Хорезма // ВДИ., № 2. С. 150-173.

Гертман А.Н., 1998. Знаки на кирпичах и некоторые вопросы организации древневосточного строительства: (по материалам древнего Хорезма) // Приаралье в древности и средневековье. Москва. С. 136-150.

Дарменов Р.Т., Утубаев Ж.Р., 2011. Баланды 2 (Буланды). Культовое сооружение чирикратбатской культуры IV-II вв. до н.э. // Археология Казахстана в эпоху независимости: итоги и перспективы. Том II. Алматы. С. 157-161.

Итина М.А., Яблонский Л.Т., 1997. Саки Нижней Сырдарьи (по материалам могильника Южный Тагискен) // РАН Ин-т археологии; Ин-т этнологии и антропологии. Москва: «Российская политическая энциклопедия» (РОССПЭН). С. 176-183.

Калалы-гыр 2: Культовый центр в Древнем Хорезме IV-II вв. до н.э. / Отв. ред. Б.И. Вайнберг; Ин-т этнологии и антропологии им. Н.Н. Миклухо-Маклая; Гос. музей Востока. 2004. Москва: Вост. лит. 286 с.

Кой-Қрыглан-кала – памятник культуры древнего Хорезма, IV в. до н.э. – V в. н.э. 1967. / Отв. ред. С.П. Толстов, Б.И. Вайнберг. Москва: Наука. 160 с.

Коляков С.М., 1991. Раскопки крепости Кургашин-кала // Новые открытия в Приаралье. Вып. 1. М. С. 98-99.

Курманкулов Ж.К., Утубаев Ж.Р., 2013. Баланды (Буланды) – памятник античности. Алматы. С. 109-140.

Лоховиц В.А., 1963. Раскопки квадратного погребального сооружения на городище Чирик-Рабат // *Материалы Хорезмской экспедиции*. Москва. Вып. 6. С. 214-220.

Мокробородов В.В., 2013. Формат сырцового кирпича как дополнительный источник по хронологии памятников раннежелезного века // *Археология Узбекистана*. № 1 (6). Самарканд. С. 12-20.

Махортых С.В., 2019. Каменные блюда VII-VI вв. до н.э. из скифских памятников лесного Поднепровья // *Маргулановские чтения*. Нур-Султан. С. 351.

Неразик Е.Е., 1976. Сельское жилище в Хорезме (I-XIV вв.). *Труды ХАЭЭ*, том IX. Москва. С. 35-41.

Неразик Е.Е., 1979. Материалы по землепользованию и землевладению в Хорезме первых веков н.э. // *Археология и этнография Средней Азии*. Москва. С. 43.

Неразик Е.Е., 1987. Археологический комплекс первых веков н.э. из Хорезма // *Советская археология*. №2. С. 160-161.

Рапопорт Ю.А., 1963. Раскопки дворцового здания на городище Калалы-гыр в 1958 г. // *Материалы Хорезмской экспедиции*. Москва. Вып. 6. С. 141-156.

Рапопорт Ю.А., Неразик Е.Е., Левина Л.М., 2000. В низовьях Окса и Яксарта. Образы древнего Приаралья. Москва. 209 с.

Ртвеладзе Э.В., 2017. Кампыртепа – Александрия Оксианская: Город-крепость на берегу Окса в эллинистическое и постэллинистическое время. МТЭ., вып. X. Ташкент. С. 17.

Тажекеев А.А., 2011. Крепости чирикратской культуры // *Отан тарихы*. Алматы. №4. С. 179-189.

Толстов С.П., 1958. Работы Хорезмской археолого-этнографической экспедиции АН СССР 1949-1953 гг. // *Тр. ХАЭЭ*. Т. II. Москва. С. 7-258.

Толстов С.П., 1962. По древним дельтам Окса и Яксарта. Москва: Изд-во восточной лит-ры. 324 с.

Толстов С.П., Жданко Т.А., Итина М.А., 1963. Работы Хорезмской археолого-этнографической экспедиции АН СССР в 1958-1961 гг. // *МХЭ*. Вып. 6. Москва. С. 3-90.

Трудновская С.А., 1963. Круглое погребальное сооружение на городище Чирик-Рабат // *Материалы Хорезмской экспедиции*. Москва. Вып. 6. С. 201-213.

Утубаев Ж.Р., 2013. Погребальные сооружения баландинского оазиса // *Известия НАН РК*. Серия общественных и гуманитарных наук. 3 (289). Алматы. С. 28-35.

Хабдулина М., 2022. История создания музея-заповедника «Бозок» // *Turkic Studies Journal*, Т. 4., № 2. С. 116-129.

Хожаниязов Г., 1981. История развития фортификации античного Хорезма // *Советская археология*. № 2. С. 43-56.

Хожаниязов Г., 1982. Акчунгуль – новый памятник эпохи античности северо-западного Хорезма. *Археология Приаралья*. Ташкент: Фан. Вып. I. С. 81-86.

Юсупов Х., 1998. Выдающиеся архитектурные памятники древнего Гурганджа // *Приаралья в древности и средневековье* // Москва. С. 211-217.

Reference

Andrianov B.V., 1969. Drevnie orositelnye sistemy Priaralya [Ancient irrigation systems of the Aral Sea region]. Moscow. 252 p. [in Russian].

Bolelov S.B., 2014. Kampyrtepa – antichnaia krepost na Okse: stratigrafia, periodizasia, hronologia [Kampyrtepa – ancient fortress on the Oks: stratigraphy, periodization, chronology]. SCRIPTA ANTIQUA. Voprosy drevnei istorii, filologii, iskusstva i materiälnoi kültury. V. III. Moscow. 84 p. [in Russian].

Vajnberg B.I., Levina L.M., 1993. Chirikrabatskaya kultura. Nizovyya Syrdari v drevnosti [Chirikrabad culture. The lower reaches of the Syr Darya in ancient times]. Moscow. 130 p. [in Russian].

Vorobeva M.G., Lapirovo-Skoblo M.S., Nerazik E.E., 1963. Arheologicheskie raboty v Hazaraspe v 1958-1960 gg. [Archaeological work in Khazarasp in 1958-1960 yy.]. Materialy Horezmskoj ekspedicii. Moscow. Issue 6. P. 157-201. [in Russian].

Vorobeva M.G., 1973. Dingildzhe. Usadba 1 tysyacheletiya do n.e. v drevnem Horezma [Dingilje. Manor of the 1st millennium BC in ancient Khorezm]. Moscow: Nauka. 217 p. [in Russian].

Vishnevskaya O.A., Rapoport Yu.A., 1997. Gorodishe Kyuzeli-gyr. K voprosu o rannem etape istorii Horezma [The settlement of Kyuzeli-gyr. On the question of the early stage of the history of Khorezm]. VDI, № 2. P. 150-173. [in Russian].

Gertman A.N., 1998. Znaki na kirpichah i nekotorye voprosy organizacii drevnevostochnogo stroitelstva: (po materialam drevnego Horezma) [Signs on bricks and some questions of the organization of ancient Eastern construction: (based on the materials of ancient Khorezm)]. Priarale v drevnosti i srednevekove. Moscow. P. 136-150. [in Russian].

Darmenov R.T., Utubaev Zh.R., 2011. Balandy 2 (Bulandy). Kultovoe sooruzhenie chirikrabatskoj kultury IV-II vv. do n.e. [Balanda 2 (Bulanda). A religious building of the Chirikrabad culture of the IV-II centuries BC.]. Arheologiya Kazahstana v epohu nezavisimosti: itogi i perspektivy. V. II. Almaty. P. 157-161. [in Russian].

Itina M.A., Yablonskii L.T., 1997. Saki Nizhnej Syrdari (po materialam mogilnika Yuzhnyj Tagisken) [Saki of the Lower Syr Darya (based on the materials of the Southern Tagisken burial ground)]. RAN in-t arheologii; in-t etnologii i antropologii. Moscow: «Rossijskaya politicheskaya enciklopediya» (ROSSPEN). P. 176-183. [in Russian].

Kalaly-gyr 2: Kultovyui centr v Drevnem Horezme IV-II vv. do n.e. [Kalaly-gyr 2: A cult center in Ancient Khorezm of the IV-II centuries BC.]. 2004. Moscow. 286 p. [in Russian].

Koj-Kryglan-kala – pamyatnik kultury drevnego Horezma, IV v. do n.e. – V v. n.e. [Koi-Kryglan-kala is a cultural monument of ancient Khorezm, IV century BC – V century AD.], 1967. Moscow. 160 p. [in Russian].

Kurmankulov Zh.K., Utubaev Zh.R., 2013. Balandy (Bulandy) – pamyatnik antichnosti [Balandy (Bulandy) – monument of antiquity]. Almaty. P. 109-140. [in Russian].

Lohovic V.A., 1963. Raskopki kvadratnogo pogrebalnogo sooruzheniya na gorodishe Chirik-Rabat [Excavations of a square burial structure at the Chirik-Rabat settlement]. Materialy Horezmskoj ekspedicii. Moscow. Issue 6. P. 214-220. [in Russian].

Mokroborodov V.V., 2013. Format syrcevogo kirpicha kak dopolnitelnyj istochnik po hronologii pamyatnikov rannezheleznogo veka [Raw brick format as an additional source on the chronology of monuments of the Early Iron Age]. Arheologiya Uzbekistana. № 1 (6). Samarkand. P. 12-20. [in Russian].

Mahortyh S.V., 2019. Kamennye blyuda VII-VI vv. do n.e. iz skifskih pamyatnikov lesnogo Podneprvyya [Stone dishes of the VII-VI centuries BC from the Scythian monuments of the forest Dnieper]. Margulanovskie chteniya – 2019. Nur-Sultan. P. 351. [in Russian].

Nerazik E.E., 1976. Selskoe zhilishe v Horezme (I-XIV vv.) [Rural dwelling in Khorezm (I-XIV centuries)]. Trudy HAEE, V. IX. Moscow. P. 35-41. [in Russian].

Nerazik E.E., 1979. Materialy po zemlepolzovaniyu i zemlevladieniyu v Horezme pervyh vekov n.e. [Materials on land use and land ownership in Khorezm of the first centuries AD.]. Arheologiya i etnografiya Srednei Azii. Moscow. 43 p. [in Russian].

Nerazik E.E., 1987. Arheologicheskij kompleks pervyh vekov n.e. iz Horezma [Archaeological complex of the first centuries AD from Khorezm]. Sovetskaya Arheologiya. №2. P. 160-161. [in Russian].

Rapoport Y.A., 1963. Raskopki dvorcovogo zdaniya na gorodishe Kalaly-gyr v 1958 g. [Excavations of the palace building on the settlement of Kalaly-gyr in 1958]. Materialy Horezmskoj ekspedicii. Moscow. Issue 6. P. 141-156. [in Russian].

Rapoport Y.A., Nerazik E.E., Levina L.M., 2000. V nizovyah Oksa i Yaksarta. Obrazy drevnego Priaralya [In the lower reaches of the Oxus and Jaxartes. Images of the ancient Aral Sea region]. Moscow. 209 p. [in Russian].

Rtveladze E.V., 2017. Kampyrtepa – Aleksandria Oksianskaia: Gorod-krepost na beregu Oksa v ellinisticheskoe i postellinisticheskoe vremia [Kampyrtepa – Alexandria of the Oxian: A fortress city on the banks of the Oxus in Hellenistic and post-Hellenistic times]. MTE., Issue X. Tashkent. 17 p. [in Russian].

Tazhekeev A.A., 2011. Kreposti chirikrabatskoj kultury [Fortresses of the Chirikrabad culture]. Otan tarihy. Almaty. №4. P. 179-189. [in Russian].

Tolstov S.P., 1958. Raboty Horezmskoj arheologo-etnograficheskoy ekspedicii AN SSSR 1949-1953 gg. [Works of the Khorezm Archaeological and Ethnographic Expedition of the USSR Academy of Sciences 1949-1953.]. Tr. HAEE. V. II. Moscow. P. 7-258. [in Russian].

Tolstov S.P., 1962. Po drevnim deltam Oksa i Yaksarta [Along the ancient deltas of the Oxus and Jaxartes]. Moscow: Izd-vo vostochnoj lit-ry. 324 p. [in Russian].

Tolstov S.P., Zhdanko T.A., Itina M.A., 1963. Raboty Horezmskoj arheologo-etnograficheskoy ekspedicii AN SSSR v 1958-1961 gg. [The works of the Khorezm Archaeological and Ethnographic Expedition of the USSR Academy of Sciences in 1958-1961.]. MHE. Issue 6 Moscow. P. 3-90. [in Russian].

Trudnovskaya S.A., 1963. Krugloe pogrebalnoe sooruzhenie na gorodishe Chirik-Rabat [Round funerary structure on the settlement of Chirik-Rabat]. Materialy Horezmskoj ekspedicii. Moscow. Issue 6. P. 201-213. [in Russian].

Utubaev Zh.R., 2013. Pogrebalnye sooruzheniya balandinskogo oazisa [Funerary structures of the Balandinsky oasis]. Izvestiya NAN RK. Seriya obshestvennyh i gumanitarnyh nauk. 3 (289). Almaty. P. 28-35. [in Russian].

Habdulina M., 2022. Istoriya sozdaniya muzeya-zapovednika «Bozok» [The history of the creation of the museum-reserve «Bozok»]. Turkic Studies Journal, T. 4., No 2. P. 116-129. [in Russian].

Hozhaniyazov G., 1981. Istoriya razvitiya fortifikacii antichnogo Horezma [The history of the development of the fortification of ancient Khorezm]. Sovetskaya arheologiya. № 2. P. 43-56. [in Russian].

Hozhaniyazov G., 1982. Akchungul - novyj pamyatnik epohi antichnosti severo-zapadnogo Horezma. Arheologiya Priaralya [Akchungul is a new monument of the antiquity era of northwestern Khorezm. Archeology of the Aral Sea region]. Tashkent: «Fan». Issue I. P. 81-86. [in Russian].

Yusupov H., 1998. Vydayushiesya arhitekturnye pamyatniki drevnego Gurgandzha. Priarale v drevnosti i srednevekove [Outstanding architectural monuments of ancient Gurgan]. The Aral Searegion in antiquity and the Middle Ages]. Moscow. P. 211-217. [in Russian].

J.R. Utubaev

*A.Kh. Margulan Institute of Archaeology, Almaty, Republic of Kazakhstan
(E-mail: utubaev_z@mail.ru)*

A.M. Yersariyev

*A.Kh. Margulan Institute of Archaeology, Almaty, Republic of Kazakhstan
(E-mail: altynbek_93_14@mail.ru)*

M.K. Suyundikova

*A.Kh. Margulan Institute of Archaeology, Almaty, Republic of Kazakhstan
(E-mail: makpal1226@mail.ru)*

***A.D. Kasenova**

*A.Kh. Margulan Institute of Archaeology, Almaty, Republic of Kazakhstan
(E-mail: asema_94@mail.ru)*

*Corresponding author: asema_94@mail.ru

Results of the study of Balanda (Bulanda) fortification

Abstract. The article considers the fortification of the Balanda I fortress, which is located at the ancient Syr Darya delta, where the agricultural Chirikrabort archaeological culture was widespread in the second half of the I millennium BC. Balanda Fortress is the center of a small agricultural oasis of the IV + II centuries BC, which was based on the main canal, between the channels of the Inkardarya and Zhanadarya lower reaches of the Syr Darya, as a whole. The center of the settlement and the entire oasis was the fortified manor-fortress of Balanda. During the field works of Chirikrabort expedition in 2007-2014, it was possible to identify and partially reconstruct the constructions of defense. Based on the data obtained, it is possible to distinguish at least 2 main periods of the construction of fortress walls, which, in turn, are divided into stages. The system of fortification revealed during the excavations of Balanda I seems to be quite archaic.

The corners were protected by semicircular towers, which were a solid monolith of brickwork on a base-a plinth made of dense clay-pakhsa, to which a pakhsa platform with a width of 1.3-1.4 m and a height of no more than 1 m was attached from the inside. The long walls of the fortress were also flanked by semicircular towers. The walls and the protruding towers were cut with arrow-shaped loopholes. Based on archaeological data, the Balanda Fortress was a large fundamental building.

Keywords: Syr Darya, Chirikrabort culture, fortress, fortification, tower, gates, loophole, wall.

Ж.Р. Утубаев

*Институт археологии им. А.Х. Маргулана, Алматы, Республика Казахстан
(E-mail: utubaev_z@mail.ru)*

А.М. Ерсариев

*Институт археологии им. А.Х. Маргулана, Алматы, Республика Казахстан
(E-mail: altynbek_93_14@mail.ru)*

М.К. Суюндикова

*Институт археологии им. А.Х. Маргулана, Алматы, Республика Казахстан
(E-mail: makpal1226@mail.ru)*

***А.Д. Касенова**

*Институт археологии им. А.Х. Маргулана, Алматы, Республика Казахстан
(E-mail: asema_94@mail.ru)*

*Автор для корреспонденции: asema_94@mail.ru

Результаты исследования фортификации Баланды (Буланды)

Аннотация. В статье публикуется фортификация крепости Баланды I, которая находится на территории древней дельты Сырдарьи, где во второй половине I тыс. до н.э. была распространена земледельческая чирикратская археологическая культура. Крепость Баланды является центром небольшого земледельческого оазиса IV-II вв. до н.э., который базировался на магистральном канале, между протоков Инкардарьи и Жанадарьи в низовьях Сырдарьи. Центром поселения и всего оазиса была укрепленная усадьба-крепость Баланды. В полевом сезоне 2007-2014 гг. в процессе исследования памятника нам удалось выявить и частично реконструировать довольно сложную историю строительства оборонительных сооружений Баланды. На основании полученных данных можно выделить, по крайней мере, 2 основных периода строительства крепостных стен, которые, в свою очередь, подразделяются на этапы. Система фортификации, выявленная в ходе раскопок Баланды I, представляется довольно архаичной. Углы были защищены полукруглыми в плане башнями, которые представляли собой сплошной монолит кирпичной кладки на основании-цоколе, сложенном из плотной глины-пахсы, к которой изнутри была приставлена пахсовая площадка шириной 1,3-1,4 м и высотой не более 1 м. Длинные стены крепости также были фланкированы полукруглыми башнями. Стены и башни-выступы были прорезаны стреловидными бойницами. На основании археологических данных крепость Баланды была крупным фундаментальным зданием.

Ключевые слова: Сырдарья, Чирикратская культура, крепость, укрепления, фортификация, башня, ворота, бойница, стена.

Авторлар туралы мәлімет:

Утубаев Жанболат Раймқұлұлы, тарих ғылымдарының кандидаты, жетекші ғылыми қызметкер, ерте темір дәуірі археологиясы бөлімінің меңгерушісі, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, Достық даңғ., 44, Алматы, Қазақстан Республикасы.

ORCID <http://orcid.org/0000-0002-6484-2923>

Scopus ID <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57220056938>

Ерсариев Алтынбек Манақұлы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ докторанты, кіші ғылыми қызметкер, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, Достық даңғ., 44, Алматы, Қазақстан Республикасы.

ORCID <http://orcid.org/0000-0002-5261-5934>

Суюндикова Макпал Кожаметқызы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ докторанты, кіші ғылыми қызметкер, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, Достық даңғ., 44, Алматы, Қазақстан Республикасы.

ORCID <http://orcid.org/0000-0002-8184-7830>

Касенова Асемгуль Дәуренқызы, тарих ғылымдарының кандидаты, жетекші ғылыми қызметкер, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, Достық даңғ., 44, Алматы, Қазақстан Республикасы.

ORCID <https://orcid.org/0000-0002-8401-6610>

Scopus ID <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56866320100>

Information about authors:

Utubaev Zhanbolat Raimkulovich, Candidate of Historical Sciences, Leading Researcher, Head of the Department of Early Iron Age Archaeology, A.Kh. Margulan Institute of Archaeology, 44 Dostyk ave., Almaty, Republic of Kazakhstan.

ORCID <http://orcid.org/0000-0002-6484-2923>

Scopus ID <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57220056938>

Yersariyev Altynbek Manakhuly, PhD student of the Al-Farabi Kazakh National University, Junior Researcher, A.Kh. Margulan Institute of Archaeology, 44 Dostyk ave., Almaty, Republic of Kazakhstan.

ORCID <http://orcid.org/0000-0002-5261-5934>

Suyundikova Makpal Kozhahmetovna, PhD student of the Al-Farabi Kazakh National University, Junior Researcher, A.Kh. Margulan Institute of Archaeology, 44 Dostyk ave., Almaty, Republic of Kazakhstan.

ORCID <http://orcid.org/0000-0002-8184-7830>

Kasenova Asemgul Daurenovna, Candidate of Historical Sciences, Leading Researcher, A.Kh. Margulan Institute of Archaeology, 44 Dostyk ave., Almaty, Republic of Kazakhstan.

ORCID <https://orcid.org/0000-0002-8401-6610>

Scopus ID <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56866320100>

Сведения об авторах:

Утубаев Жанболат Раймкулович, кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник, руководитель отдела археологии раннего железного века, Институт археологии имени А.Х. Маргулана, пр. Достык 44, Алматы, Республика Казахстан.

ORCID <http://orcid.org/0000-0002-6484-2923>

Scopus ID <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57220056938>

Ерсариев Алтынбек Манакович, докторант КазНУ имени аль-Фараби, младший научный сотрудник, Институт археологии им. А.Х. Маргулана, пр. Достык 44, Алматы, Республика Казахстан.

ORCID <http://orcid.org/0000-0002-5261-5934>

Суюндикова Макпал Кожакметовна, докторант КазНУ имени аль-Фараби, младший научный сотрудник, Институт археологии им. А.Х. Маргулана, пр. Достык 44, Алматы, Республика Казахстан.

ORCID <http://orcid.org/0000-0002-8184-7830>

Касенова Асемгуль Дауреновна, кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник, Институт археологии имени А.Х. Маргулана, пр. Достык 44, Алматы, Республика Казахстан.

ORCID <https://orcid.org/0000-0002-8401-6610>

Scopus ID <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56866320100>